

Кек пен намыс жолында

Батыр дүниеге келген жер - Баянауыл ауданындағы Баян тауының жотасындағы Бірлік ауылынан он екі шақырым жердегі Үштөбе. Үштөбе - Шақшаң тауының төменгі тұсында, жанында елуінші жылдарға дейін суы мол, балыққа бай Бұланбай атты көл болған. Кезінде бұл арада Қанжығалыдан тараған Құдияр, Ақдәулет пен Таттыбай балалары қоныстанған екен. Негізінде, бұл жерді Жанқозыдан тараған ақылды, ел арасында беделді, сөз ұстаған адам - Тәстен иемденген. Үлкендер ол кісіні «Тәтем» деп атап кетіпті. Тәстենнің Ақәділ, Жанәділ, Әділхан деген балалары болған. Ақәділден Мәриәш, Жылбек туған. Жанәділден Шаймұран, Мәрәм, Дыбысбек, Қайырбек, Рая, Жақсыбек, Амангелді туған.

Біз сөз еткелі отырған Жылбек Ақәділұлы 1913 жылы Үштөбеде дүниеге келіпті. Ауыл молдасынан арабша-төтенше хат таныған. Анасы Қалипа ерте қайтып, Жылбек 8 жасынан әкесімен екеуі Жанәділдің отбасында болған. 1928 жылы Ақәділ баласын Павлодардағы интернат-коммунаға оқуға береді, өзі сол жылы қайтыс болады. Коммунаны жақсы бітірген зерек бала Жылбек Шымкенттегі Қапланбек ауыл шаруашылығы техникумына түседі. Бұл оқуды да табысты аяқтаған бозбаланы Шымкент облысының Сарығаш ауылына жібереді. Сол арадан әскер қатарына алынып, Түркіменстанның шетіндегі Кушка деген жерде 152-ші атты әскер полкында әскери міндетін өтейді. Бала шағынан ат құлағында ойнап өскен жігіт әскер қатарында өзін жақсы қырынан танытады, ақ гвардияшыларға қарсы шабуылға шығып, нағыз жауынгер ретінде ерлік көрсетеді. Соның нәтижесінде Түркіменстан республикасы комсомолдарының X съезіне делегат болып сайланады. 1937 жылы алдыңғы қатарлы жауынгер ретінде Краснодар аумағындағы Армавир атты әскер училищесіне жібереді. Оқу мен қоғамдық жұмыстарда көзге түскен Жылбекті комсомол комитетінің хатшысы етіп тағайындайды. 1939 жылы училищені үздік бітірген кіші лейтенантты взвод командирі етіп Забайкальский әскери округіне жолдама береді. Әскери округ Жылбекті Моңғолияның Эринцап қалашығындағы атты әскер полкіне жібереді. [4]

1938 жылдан бастап кеңестік одақ жапондармен агрессиялық соғыс жағдайында болғаны белгілі. Жапондар Халкин-Гол өзенінің маңайында әскери қорғаныстарын нығайтты. Сондықтан оларға қарсы соғыс жүргізу өте ауыр болды. Полктің корпус командирі Г.Жуков жаңаша әдіс қолданып, мотомеханикаландырылған корпуссты прожектор жарығымен түнде шабуылға шығарады. Олардың артынша мыңдаған атты әскер жібереді. Осы соғыста жапонның армиясы қатты жеңіліске ұшырайды. Взвод командирі Жылбек Ақәділов жауынгерлерімен бірге өжеттік танытып, жапон басқыншыларын талқандауда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен

марапатталып, лейтенант жұлдызын тағады. Бұдан кейін 1939 жылдың желтоқсанында елдің терістік-батысындағы фин соғысына қатысып, Карельск түбегіндегі Маннергейм жолындағы Выбор бекінісін бұзып, теміржол вокзалын алуға қатысады. Ол осы соғыста екінші рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Осылайша 5 жыл әскер қатарында болып, ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгерді 1940 жылы күзде Ленинград әскери округінен Белоруссияға ауыстырады. Дәл осы кезде демалыс алған Жылбек туған жеріне, Павлодарға келеді. «Жылбекті енді жалғыз жібермейміз» деп шешкен туыстары өзі ұнатқан Ыбырайдың Жамал деген қызына құда түсіп, тойын жасап, баталарын беріп, үйлендіреді. Сол жылдың қараша айында Жылбек сүйген жары Жамалмен Белоруссияға аттанды. Олар Белоруссияның батыс жағындағы Польшамен шектескен шекарада Ломжа қаласының тұсындағы әскери бөлімге орналасты. [3]

1941 жылдың 22 маусымында гитлершіл фашистер тұтқиылдан шабуыл жасады. Үлкен өмірдің босағасын енді аттаған жас жұбайлар Жылбек пен Жамалдың сүттей ұйыған тіршілігін аяқастынан тұтанған соғыс өрті астаң-кестең етті. Бұл кезде аяғы ауырлаған жарын өзге әйелдермен бірге Брестке баратын автокөлікке отырғызып, қимай қоштасқан Жылбек артына қарай-қарай өз взводына жетеді. Олар қалың орманның күнбатыс жиегіндегі ұзын дөңеске бекініс қорғаныс жасап болысымен, жау самолеттері бомбаның астына алады. Одан кейін артиллерия іске қосылады. Іле-шала жау танкісі, олардың ығын ала жаяу әскері... Қорғаныстағылар бір қадам кейін шегінбеуге бекініп, жанталаса шайқасты. Сағы сынған жау кейін шегініп барып, тың күш қосып, қайта лап қойды. Айқас үдей түсті. Толассыз атыс Жылбек взводын сирете бастады. Осы кезде взвод шегінген полктің штабын қорғауға тапсырма алған болатын. Бұлар штабты қорғағанмен, олардан көз жазды, әрі аз ғана адаммен қоршауда қалды. Жылбек Ақәділов ебін тауып, он шақты жауынгерімен Баранович облысындағы бір орманға еніп кетті. Олар жау тылында қалды...

Бір топ жауынгерлер орманды сағалап, күні-түні жүріспен, ара-арасында жаумен атысып, ақыры 3-4 адаммен қалған Жылбек Ақәділов Клетня орманында партизандарға қосылады.

Фрунзе соғыс академиясын бітірген, Маннаргейм соғыс линиясында шайқасқан, полкімен Могилев тұсында қоршауда қалып, жүз шақты адамымен ажал қақпанынан сытылып шыққан партизандардың бригада командирі Тимофей Михайлович Коротченкомен бірлесе қимылдап, жау басып алған деревняларды азат етіп, дұшпанның жүк тиелген эшелондарын, олардың техникасы өтетін стратегиялық маңызы бар көптеген көпірлерді жарып, фашистерге тыным бермеген партизандар бригадасының тыныс-тіршілігі жоғарыда сөз болған Ә.Шәріповтің «Партизан қызында» баяндалады. Бір ғана мысал, Жылбек Ақәділов пен Тимофей Коротченконың партизандар бригадасы, М.Мұқанов, С.Беловтың, С.Балмағамбетовтың топтары «Үлкен жердің» арнайы тапсырмасымен Брянск-Рославль тас жолының бойында теміржол маңындағы әскери техниканы, азық-түлік, киім-кешек составын өртеп, қоймаларды бұзып, жол байланыс жүйесін істен

шығарған. Осы ұрыста жау гарнизоны 17 самолетінен, 370 солдаты мен офицерінен, екі цистерна жанар-жағар май, бірнеше автомашина, т.б. айырылған. Бұл - партизандардың күреске толы ерлік істерінің бір ғана оқиғасы.

Соғыс басталғанда кеңес командирлерінің отбасыларын поездға отырғызып, күншығысқа бет алғанда оларды дұшпан самолеттері Баранович стансасына жете бергенде бомбалайды. Күл-талқаны шыққан поездда ғайыптан тайып аман қалған Жамал небір ауыр қиыншылықтарды көріп, орман ішінде адасып жүріп, орыстың кемпір-шалына жолығады. Бір ғажабы, Белоруссия орманында партизандармен тізе қосып, жауға соққы беріп жүрген Жылбек Ақәділовтің Денгубовка деревнясында Жамалымен жолығуының өзі - ақиқатқа бергісіз бір аңыз.

1943 жылдың қазанында Ярцев қаласының тұсында партизан отряды Қызыл Армия бөлімдерімен қауышты. Оларды 202 полктың 10 армиясының құрамына берді. Осы жерде кішкентай Майяға арнайы әскери киім тіктірді.

202-ші полктің командирі полковник Шумский штабта Жылбек пен Жамалдың екі жылдан аса партизандар қатарында соғысқа қатысқанын есептеп, 1943 жылы сол кездің қаражатымен бір қап ақша бергізген екен. Осы қаражатқа олар Павлодар қаласындағы 25 қазан (қазіргі генерал Дүйсенов атындағы көше) көшесіндегі төрт бөлмелі №171 ағаш үйді сатып алады. Сол үйге отбасын кіргізіп, 1944 жылы қаңтарда қайтадан соғысқа еніп, жоғарыда айтылған Витебск қаласын азат етуге қатысады.

1944 жылы Витебск қаласын жаудан азат ету соғысына қатысып, ауыр жарақаттанған Жылбек емделіп болған соң, 40-шы армияның Екінші Украин майданы қатарында Румыния, Венгрия, Чехословакия, Австрия жерлерін жаудан азат етуге қатысты. Соғыста жасаған ерлік істеріне орай Бас қолбасшы И.Сталиннің бұйрығымен 5 рет алғыс алды. Екі «Қызыл жұлдыз» ордені, «Отан соғысы», «Партизан соғысы», т.б. медальдармен марапатталды.

1946 жылдан 1970 жылдың 23 ақпанына дейін Павлодар облыстық қаржы басқармасында салық инспекторынан бастап, аға экономист, аға ревизор қызметтерін атқарыпты. Абыройлы еңбегіне қарай 1966 жылы «КСРО-ның қаржы қызметінің үздігі» белгісімен марапатталған. 1970 жылы 57 жасында «Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер» ретінде зейнеткерлікке шығып, бірақ көп ұзамай өмірден өткен екен. [5]

1. ПАРТИЗАН ОТБАСЫ

Жау ұшақтарының бомбасының астында «Үлкен жерге» жіберілген командирлердің әйелдері мен балалары отырған эшелон да жау тылында қалып қояды. Жамал Ағәділова Беларусь ормандарында өзінің жары Жылбекпен қайта табысады. Клетнянск партизан бригадасының жертөлесінде Ағәділовтер отбасында «Партизан қызы», кіндігін бригада дәрігері «Наш Демидыч» кескен, Майя деп есімін бригада комиссары қойған,

партизандардың қолынан түспейтін «Жорж бен Женяның» қызы дүниеге келеді.

Жамалдың отрядтағы басқа да әйелдер сияқты атқаратын жұмыстары көп еді. Партизандардың кір-қоңын жуып, жыртылғандарын жамап-жасқап беру де бар, ас дайындау да бар. Бұл партизан әйелдердің тыныш уақыттарда атқаратын жұмыстары. Ал, ұрыс кезінде олар жаралы партизандарды таса жерге алып барып, дәрігерлік көмек көрсететін. Пулемет ленталары мен дискілерді оқтап, партизандарға оқ тасып, үкідей ұшатын.

Жамал Жылбекпен бірге екі жыл партизандардың сапында болды.

Жамал Ақәділова 1943 жылдың аяғында Павлодарға келгеннен кейін бір жылдан соң, Павлодар қаласындағы қаладағы «8 наурыз» атындағы тігін фабрикасына тігінші-шебер болып жұмысқа орналасып, осы жерде зейнеткерлікке шыққанға дейін тігін цехының бригадирі болды. Ол бірнеше рет Павлодар қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысының партизаны» медалімен марапатталған. [3]

Белоруссияның Клетня орманында 1941 жылдың 27 қарашасында тұңғыштары Майя дүниеге келеді.

Апыл-тапыл аяқ басып, тілі былдырлап шығып келе жатқан Майяның алғашқы ойыншығы да оқтан босаған гильзалар мен автомат болыпты. Бірде партизандар арнайы тапсырмамен Анна Петрченко мен Жамал жаралылар үшін ауызсу іздеп кеткенде, жау самолеттері орман ішін бомбалап, астаң-кестеңін шығарады. Сонда партизандар кішкене Майядан көз жазып қалса керек. «Ысқырған бомба дауысынан шошып, жүгіріп шырылдап жүрген сәбиді қарт партизан Кудинов тауып алып, қамқорлығына алып, жыртық тонына орап, аяздан да, оқтан да қорғап қалған қарияны «Дед» деп атап кетіпті. Майяның да алғашқы сөздері «Дед», «Самолет» болыпты», - деп жазады кітабында Дыбысбек Тастен. [5]

«...Кезекті шайқас бітті. Жанымдағы партизан мені иықтан түртіп орман жаққа қолмен нұсқады. Қарасам: өз көзіме өзім сенбедім, қысы-жазы үстінен түспейтін ұзын сары фуфайкасының етегін сүйретіліп, менің Майям келе жатыр. Жоқ ол бізге келе жатқан жоқ, ол жез металын жинап жүр екен. Жүгіріп бардым да «Менің қызым, менің Майям», деп оны көтеріп алдым. Сол сәтте бар шаршағаным мүлде ұмытылып кеткендей болды. Анадай жерде қанатын жайып, бізге қарай Майяны іздеп шаршаған Жамал да жүгіріп келе жатты. «Менің отбасым!» - дедім мен, одан сайын массатанып. Бойыма жаңа күш, жігер құйыла бастағанын сездім».

Қазақ солдаты Жылбек Ақәділов пен қазақ әйелі Жамалдың тұңғыш қызы Майяның туу туралы күәлігінде туған жері: «Брянск облысы, Дубровка ауданы, Будевинец деревнясы, 1941 жыл» деп жазылған.

Әңгіме кімнің қайда туғанында емес қой. Әйтсе де, Ақәділовтар отбасының алғашқы қызығы мен қатерлі қиыншылығы орыс орманымен тығыз байланысты. Жаңа ғана жарық күнді көрген Майя партизандар тобының қызыл гүлі болды. Оның қоңыраудай сыңғырлаған балғын дауысы мен сүйкімді қап-қара көздері қабағы қатыңқы, сақал-мұрттары өскен

партизандарға қуат берді. Олар кезекті жауынгерлік тапсырмаға шығарда кішкентай сәбиді бауырларына басып, бетінен сүйетін.

Жаздың көркі жайқалған гүл болса, өмір көркі сәби емес пе?! Сол бір өмір мен өлім белдесіп тұрған шақта сыңғырлаған сәби күлкісі партизандар жігерін тасытып, олардың өмірге деген құштарлығын арттыра түсті. Майя тек Ақәділовтар отбасының ғана емес, сонымен қатар, бүкіл партизандар қызы атанды. Ол тек Жамалдың ғана емес, сол жердегі барлық аналардың да омырауын иіскеп өсті. Оның өмірін көп ұлтты партизандар қауымы қолдады. [3]

Партизандар арасында 800 күн болған Майя да 1943 жылдың аяғында анасы Жамалмен Павлодарға келеді. Ол қаладағы №13 орта мектепті жақсы оқып аяқтайды. Зерек қыз Абай атындағы мұғалімдер даярлайтын институтты бітіріп, Павлодар қаласындағы №24 орта мектепте ұстаздық қызмет етеді. Өкінішке қарай, Майя Жылбекқызы жасында өмірден ертерек өткен екен. Артында 2 ер баласы қалды. Қазір олар бір-бір шаңырақ иесі.

«..Маған партизандық өміріміз өзгеден гөрі үш есе ауыр тиетін еді. Қан төгіс, ұрыс болып жатқанда да боран түтеп аяз үскіргенде де ұзақ-ұзақ жорықтарға шыққанда да мен өзіммен бірге үш адамның қамын ойлайтынмын... Дүниеде мұндай жерде жаныңдай жақсы көретін жарың мен жас нәрестең жаңында болған қиын екен», - деп күйінішпен Жылбек Ақәділов өз естелігінде айтады. [4]

АҚӘДІЛОВТАР ҰМЫТ ҚАЛМАСЫН

Бір өкініш, сонау жылдардағы оқ өтінде мұз төсеніп, қар жастанған күндердің сызы болар, Жылбек пен Жамал Ақәділовтер, қыздары Майя - үшеуі де өмірден ертерек озыпты... Олардың артында қалған ұрпақтары, әсіресе бүгінгі жастар өткен соғыстың сызын, тауқыметін білмейді. Орта буын өкілдері Ақәділовтар жайында кітаптан оқып білді. Олардың есімдері тарихта қалды деп айтып көңіліміз толмайды. Өйткені, жерлестерімізге толықанды құрмет көрсете алмай жатырмыз. Не бір ескерткіш орнату, не көше, не бір мектепке атын беру мәселерді қолға алу керек.

Отбасымен партизандар сапында болып, жаудың талай алапат күшін жоюға қатысқан қазақтың қаһарман ұлы Жылбек Ақәділовтің есімін ту етіп көтеретін жағдай баяғыда-ақ, осыдан 69-70 жыл бұрын жүзеге асырылуы керек еді. Майдангердің есімін ұлықтап, ел жадында мәңгілік қалдыруға арналған бірде - бір белгі жоқ. Айтпақшы... бар екен ғой, жоқтан - бар деуге келер, қаладағы генерал Дүйсенов атындағы №171 үйдің қабырғасына «Осы үйде 1944-1970 ж. Ұлы Отан соғысының партизан семьясы Агадиловтер Жылбек, Жамал, Майя тұрған» деп қазақша - орысша аралас бытыраңқы жазылған жазуы бар ескерткіш тақта ілінген.